

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша ҚР ҰБ және ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдері

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызмет ашық болып табылады. enpf.kz сайтында «Көрсеткіштер – Инвестициялық қызмет» бөлімінде ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) зейнетақы активтерін инвестициялауы туралы егжей-тегжейлі ақпарат, сондай-ақ, нақты кезеңдегі ахуал бойынша инвестициялық қызметке шолулар жарияланады. Қазіргі уақытта ақпарат 2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша жаңартылды.

Көрсетілген есептерге сәйкес, 2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 12,8 трлн теңге болды. Бұл ретте [ҚР ҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК](#) зейнетақы активтері **12 747,21 млрд теңге**. [ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері](#) **8,7 млрд теңгеге** жетті.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

2022 жылдың 1 маусымында ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған бағыттар шеңберінде ҚРҰБ (сенімгерлік басқарушы ретінде) инвестициялауының негізгі бағыттары [былайша берілген](#):

- БЖЗК ЗА портфеліндегі негізгі үлесті ағымдағы құны 5 329,37 млрд.теңгені құрайтын ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ алады. Олардың портфельдегі үлесі 41,81%. 2022 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша теңгеге номиналданған ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 10,8%, АҚШ долларында – жылдық 3,4% болды.

- ҚР квазимемлекеттік ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 1 696,39 млрд теңге (портфельдегі үлесі – 13,31%). ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының теңгемен номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,9%, АҚШ долларымен жылына 5,5%.

- ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары 931,25 млрд теңге (7,31%). ҚР ЕДБ теңгеге номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік есепті күнге жылына 10,5%.

- шетелдердің мемлекеттік бағалы қағаздары 686,27 млрд теңге болды. Олардың портфельдегі үлесі – 5,38%. БЖЗК-ның ЗА портфеліндегі есепті күндегі шет мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 0,8%.

- халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары 399,86 млрд теңге. Олардың портфельдегі үлесі 3,14%. Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,80% болды.

- ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны есепті күнге 397,92 млрд. теңге. Портфельдегі үлесі 3,12%. Орташа алынған кірістілік жылдық 13,19% құрады.

- ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының құны 221,18 млрд. теңге. Портфельдегі үлесі 1,74%. Бұл кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарын сатып алу және сату болған жоқ.

- Екінші деңгейдегі банктердегі депозиттер 198,89 млрд. теңге құрады. Портфельдегі үлесі 1,56%. ҚР ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік есепті күнге жылдық 9,1% болды.

- шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының құны 5,28 млрд. теңге. Портфельдегі үлесі 0,04%. БЖЗК ЗА портфеліндегі шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік есепті күні жылдық 9,6%.

- есепті айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноталарының) құны 11,14 млрд. теңге. Портфельдегі үлесі 0,09%. Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноталар) сатуы, өтеуі және сатып алуы болған жоқ.

- ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының құны 16,41 млрд. теңге. Портфельдегі үлесі 0,13%. Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

Бұдан басқа, инвестициялық портфель құрылымында 135,27 млрд теңге РЕПО (портфельдегі үлесі 1,06%), инвестициялық шоттардағы ақша қаражаты 12,62 млрд теңге (0,10%) және активтерді индекстік басқару 2 705,36 млрд теңге (21,22%), дамыған елдердің МБҚ, дамушы елдердің МБҚ қоса алғанда, сыртқы басқарудағы активтер бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі былайша берілген:

- ұлттық валютадағы инвестициялар – 70,87%, АҚШ долларында – 29,05%, басқа валютада – зейнетақы активтері портфелінің 0,08%.

2022 жылдың басынан бастап есептелген инвестициялық кіріс көлемі теріс болып, 154,09 млрд. теңгені құрады. **ҚР ҰБ шолуына** сәйкес теріс инвестициялық табыстың негізгі себептері:

азымдағы жылы АҚШ ФРЖ негізгі мөлшерлемесінің 75 б.п. - за 1,0% - за дейін артуы және геосаяси шиеленістің өсуі аясында Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын қоса алғанда, дамыған және дамушы елдердің облигациялары бойынша кірістіліктің өсуі (бағаның төмендеуі) ;

АҚШ ФРЖ және басқа да орталық банктердің әлемдегі инфляцияға қарсы күрестегі ынталандыруларының жедел түрде қысқаруы, сондай-ақ, экономикадағы рецессияның басталу және пайданың төмендеуі аясында жаһандық акциялар нарығының төмендеуі (акциялар мандаттары бойынша зейнетақы активтерін сыртқы басқарушылар үшін эталондық болып табылатын MSCI World индексі 12% - дан астам төмендеді);

жыл басынан есепті күнге теңге бағамының 4,0% - за нығайуы бір АҚШ доллары үшін 431,8-ден 414,67 теңгеге дейін (зейнетақы активтерінің шамамен 30% шетел валютасында, оның ішінде сыртқы басқарудағы активтер).

Жоғарыда көрсетілген факторлардың нәтижесінде 2022 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі (-1,35%) құрады. Бұл ретте 2022 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылары (алушылары) үшін соңғы 12 айға (2021 жылғы маусымнан бастап 2022 жылғы мамырға дейін) зейнетақы активтерінің кірістілігі 4,14%.

Зейнетақы активтерін шоғырландыру аяқталған 2014 жылғы сәуірден бастап 2022 жылғы мамырға дейінгі кезең үшін жинақталған кірістілік 99,94% болды. 2014 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі 8 жыл үшін БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі жылдық 9,68%.

Атап кететін маңызды мәселе, зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық табыстың мөлшерін кемінде 1 (бір) жыл кезеңінде талдау орынды. Қысқа мерзімді деректер (апта сайынғы, ай сайынғы және т.б.) – айқын нәтиже көрсетпейді, өйткені, ол нарықтың үнемі құбылмалығына тәуелді.

Эмитенттерді көрсете отырып, ҚР ҰБ басқаруымен қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің **егжей-тегжейлі құрылымы** мен инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында орналастырылған.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік бар. ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 5-бабына сәйкес, мемлекет алушыларға зейнетақы төлемдеріне құқық алған кездегі инфляция деңгейін ескере отырып, БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген жарналар мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

Басқарушы компанияларға берілген қаражаттың жалпы көлемі **8,7 млрд теңге**.

"*Jusan Invest*" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 3,94 млрд теңгені құрады. Оларға инвестициялық шоттарда ақшалай қаражатта қалған активтер (45,98%), Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 31,44%, ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ (18,37%), ҚРҰБ ноталары (портфельдің 4,21%) сатып алынды. Портфельдің 64,04% теңгемен, 35,96% АҚШ долларында.

Инвестициялық қызмет нәтижесінде «Jusan Invest» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің табыстылығы жыл басынан бері (-1,10%) болды.

«Jusan Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің [толық құрылымы](#) БЖЗК сайтында жарияланған.

«*Halyk Global Markets*» АҚ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 2022 жылдың 1 маусымында 2,47 млрд теңгені құрады. Портфельдің құрылымында шоттардағы ақшалай қаражат 53,98%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) 14,85%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары 10,73%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары 5,88%, ҚР екінші деңгейдегі банктердің облигациялары 5,71%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары 4,47%, ХҚҰ 4,39%. Портфельдегі ұлттық валютадағы инвестициялар 78,20%, АҚШ долларында 20,80%. «Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің табыстылығы 01.01.2022ж. – 01.06.2022ж. аралығында (-3,73%) болды.

«Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің [нақты құрылымы](#) БЖЗК сайтында жарияланған.

«*BCC Invest*» АҚ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша 1,41 млрд теңгені құрады. Олар мемлекеттік облигацияларға 32,65%, пайларға (ETF индекстерге) 21,54%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларына 12,98%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына 8,68%, инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражатқа 7,30%, ХҚҰ облигацияларына 6,10%, ҚР ЕДБ облигацияларына 5,46%, ҚР резидент-эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына 5,22%, өзге де активтерге (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар) 0,06% бөлінген. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 69,71%, АҚШ долларында 30,29% инвестицияланған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде «BCC Invest» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі ағымдағы жылдың басынан бері (-3,53%) құрады.

«BCC Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің [толық құрылымы](#) БЖЗК сайтында жарияланған.

2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша "*Сентрас Секьюритиз*" АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері 0,90 млрд теңгені құрады. Олар ҚР ҚМ МБҚ-ға 56,85%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларына 14,07%, инвестициялық шоттардағы ақша қаражатына 10,65%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына 9,28%, РЕПО 7,03%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдарына (ETF пайлары) 1,86%, өзге активтерге (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар) 0,27% инвестицияланған. Қаржы құралдарына портфельдің 88,18% ұлттық валютада, АҚШ долларында – 11,82% инвестицияланған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде «Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі 2022 жылдың басынан бері (-4,88%) құрады.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің [толық құрылымы](#) БЖЗК сайтында жарияланған.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗК-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген *Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында* көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аударған кезде мемлекет кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігін негізге ала отырып есептеледі.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).